Мерей ауылдық округінің жергілікті қауымдастық жиналысының №1 хаттамасы

Мерей ауылы **13 қаңтар 2026 жыл**

Төрағасы: А.Тулакбаев
Хатшы: Д.Қуанышева
Жиналыс мүшелерінің саны: 11 адам
Жүргізеді:
Мерей ауылының жергілікті қауымдастық төрағасы – А. Тулакбаев

Бүгінгі жиналысқа жергілікті қоғамдастық мүшелерінен 11 адам (тізімі жалғанады) қатысып отыр. Жиналысты өткізуге жергілікті қоғамдастық мүшелерінің саны жеткілікті. (Жергілікті қауымдастық мүшелері және ауылдық округ әкімі аппаратының қызметкерлері).

Күн тәртібі:

Мерей ауылының ауылішілік көше көлік жолдарын қардан тазалау жұмыстары.
(Хабарламашы – З.Магзомов Мерей ауылдық округінің ардагерлер кеңесінің төрағасы)

Дауысқа қоямын.
- қарсы – жоқ.
- қалыс қалған – жоқ.
- қолдайды – 11 адам.

Барлықтарыңыз бір ауыздан ұсынысымды қолдап, қабылдадыңыздар олай болса күн тәртібі бекітілді. Сөз сөйлеймін деушілер болса рұқсат.

Сөйлеушілер:

1. **Мерей ауылдық округінің ардагерлер кеңесінің мүшесі К.Мусралиева:**

- 2026 жылға Мерей ауылының ауылішілік 7 көше көлік жолдарын қардан тазалау жұмыстары жоспарда тұр. Мерей халқының ұсынысымен, тәжіребиесі мол жергілікті жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алу порталымен «Тікелей шарт тұжырымы бір дереккөздерден» сатып алу тәсілі арқылы шақырту жіберуді қалаймыз.

Мерей ауылының этно медиаторы Т.Қызылбасова:

- Қыс мезгілі ауа райы күнде боран тездетіп келісім шарт жасау керек. Жергілікті “Әлтеке” шаруа қожалығының мүмкіндігі бар қарды үнемі сол ашып жүр.

Сөйлеушілер болмаса шешім қабылдансын:

Мерей ауылдық округінің жергілікті қауымдастық жиналысының шешімі:

Жоғарыда айтылғандарды тыңдап, бірауыздан шешім қабылдансын.

«Әлтеке» шаруа қожалығы мемлекеттік сатып алу порталымен «Тікелей шарт тұжырымы бір дереккөздерден» сатып алу тәсілі арқылы шақырту.

Дауысқа қоямын.

- қарсы – жоқ.
- қалыс қалған – жоқ.
- қолдайды – 11 адам.

Жиналыс шешімі бір ауыздан қабылданды. Олай болса Мерей ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиналысын жабық деп жариялаймын.

Жиналыс төрағасы **А.Тулакбаев**

Жиналыс хатшысы **Д.Қуанышева**